Милы БББМ жанындағы « Шұғыла » Ш/О

# Баланың қабілетін анықтау жолдары

**( диагностикалық жұмыс )**

Тәрбиеші:Төлебаева Г.С.

2024-2025 оқу жылы

# Балалардың қабылетін анықтау жолдары

Көпшілікке мәлім «балабақша жағдайына көнетін» және «балабақша жағдайын қабылдамайтын» балалар кездеседі.
Баланың балабақшаға тез үйренуі үшін ата аналарға мынадай кеңес береміз:
Баланы қысқа мерзімге балабақшаға беру.Топтағы бірнеше баламен және олардың ата аналарымен жақын танысып, оларды қонаққа шақыруБалалар мерекелерін ұйымдастыруға қатынасу.Әр кез балабақшада өткен күн жайында сұрап әңгімелесу.Кешкі мезгілде жағымды жағдай жайлы, достарымен болатын кездесу,жаңа ойыншықтар, ойындар туралы әңгімелесу.Балабақшаға барар жолда мейірімді, сабырлы болу.
Баланың тілі неге кеш шығады?
Бүгінде қоғамда тілі кеш шыққан балалар саны көп. Кейбір жасөспірімдер дыбыстарды анық дыбыстай алмайды. Сонымен қатар физиологиялық және психологиялықауытқулары бар балалардың көбеюі ата-аналармен қатар дәрігерлерді де қатты алаңдатып отыр. Бала тілінің кеш шығуына әсер ететін факторлар «Р» дыбысын қою, тіл мүкістігі және тағы да басқа жағдайда ата-аналар не істеуі керек? деген сұрақтар туындайды. Бала тілінің кеш шығуы баланың дамуына байланысты. Негізгі факторларына тоқталатын болсақ, баланың дамуы кезіндегі анасының жағдайы мен туылғаннан кейінгі анамен қарым-қатынасы. Көп жағдайда нақты бір немесе бірнеше факторды анықтап айта алмайсың. Себебі қазіргі таңда балалардың сөйлеу қабілеттері әр түрлі дамиды. Егер баланың 3 жасқа дейін сөйлеу қабілеті дұрыс емес екенін байқасаңыз, логопедке апарып диагностика жасатуыңыз керек. Логопедтің сабағы көптеген балаларға қажет болады. Егер мінез-құлқында ерекшелік болмаса, логопедиялық сабақтар тез нәтиже көрсететін болады. Ал жеке дыбыстарға тоқталатын болсақ, әр дыбысты қоюдың және дамытудың өзінің қағидалары бар. Сол себепті баламен кішкентайынан бастап сөйлесіп, өлеңдер айтып немесе кітаптар оқып көңіл бөлулеріңізді сұраймын.

Балалардың қабылетін диагностика арқылы анықтаймыз
Диагностика балаларға 3 жастан 4 жасқа дейін
Мақсаты: мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың танымдық саласын зерделеу
Өткізілу уақыты: 15 минутқа дейін
21б – 15б – жоғары нормасы; 14б – 8 б – жастық нормасы; 7б – 0 б – төмен жас нормасы

Тапсырма №1. «Танысу әңгіме»
1. Сенің атың қалай?
2. Кіммен тұрасың?
3. Олардың есімдері қалай?
4 Сен неше жастасың?
5. Сенің сүйікті ойыншықтарың барма?
3 балл – бала бүкіл сұраққа дұрыс жауап берді.
2 балл – бала 2 - 3 сұраққа жауап берді.
1 балл – бала 1 сұраққа жауап берді тапсырманы орындай алмады.
Тапсырма №2. «Ойыншық туралы әңгіме».
Мақсаты: байланыстырып сөйлеуді дамытудың деңгейін анықтау.
Материал: жұмсақ ойыншық аю.
Зерттеу жүргізу:

Ересек балаға ұсынады: «Қонжық ол туралы айтқанын жақсы көреді. Қонжық туралы айтып берші».
3 балл – бала 3 - 4 сөйлем құрап әңгіме айтады. Мысалы: Бұл қонжық. Ол кішкентай. Ол қоңыр. Ол шаған. Қонжықтың басы, құлағы, көзі, қолы, құйрығы бар.
2 балл – бала ересек арқылы әңгіме құрады.
1 балл – бала ештен айтпады, ересек тің сұрағына тек құлағын көзін қолың және т. б көрсетті.
Тапсырма №3. «Дүкен»
Мақсаты: іскерлігін анықтау жіктеу және жалпылау, дамыту, сөздік.
Материал: карточкалар жеміс суреттерімен, түстер (3 карточкадан әр түрлімен).
Зерттеу жүргізу: Дүкенде перепутались тауарлар шатасып кетті. Сатушыға реттеуге көмектесші
3 балл – бала өз бетінше карточкаларды топтарына бөледі, жалпылайтын сөздерді қолданады (гүлдер, жемістер)
2 балл – – бала ересек арқылы ұсынылған тапсырманы орындайды, жалпылайтын сөздерді қолданбайды.